

Диссертациялық кеңестің 2021 жылғы жұмысы туралы есебі

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жанындағы «6D020900 – Шығыстану (тарих ғылымдары)» мамандығы бойынша диссертациялық кеңес 2021 жылғы 28 маусымдағы №306 Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітілген

Диссертациялық кеңес төрайымы – Алдабек Н.Ә.

1. Өткізілген отырыстар саны – 4.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (жоқ).

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Нуржаева Алина Маратқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
2. Рүстемова Ақтолық Молданқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

4.1 *Нуржаева Алина Маратқызының «Жаһандану жағдайында «қытай бірегейлігін» қалыптастырудың ерекшеліктері: этнополитика және әлеуметтік тәжірибе»* атты диссертациясы Жаһандану мен ақпараттық қоғам жағдайында бірегейлік дағдарысы өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Жаһандану процестерінен туындайтын ұлттық бірегейлікті жоғалту қаупіне қарсы Басқалардың (көбінесе Батыстың) мәдениеті басым болуымен күресу үшін, зиялы қауым әлеуметтік-мәдени реформада ұлтшылдықты шоғырландыратын теориялар жиынтығын басшылыққа алады. Сайып келгенде, бұл ұлтшылдық позицияны қалыптастырады, себебі олар Батысқа еліктегісі келмейді, керісінше өз мәдениетін сақтауға немесе қалпына келтіруге тырыса отырып, этникалық топтар жиынтығынан тұратын ұлттық мемлекет ішіндегі бірлікті сақтауға және нығайтуға ұмтылады. Мемлекеттің өмір сүруі мен дамуы ондағы барлық этникалық топ өкілдерінің өздерін сол елге жатқызуы мен адалдығына байланысты, ал адамдардың өз елім деп тану дәрежесі өмір сүру деңгейі, қауіпсіздік және дамуға қатысты халықтың қажеттіліктерін мемлекет қанағаттандыратына байланысты болады. Бұл жағдайда қытайлық көшбасшылардың тәжірибесін зерделеу маңызды, ал этносаясатты оңтайландыру мен ұлттық бірегейлікті нығайтудың қытайлық моделін қолдану бойынша қорытындылар мен ұсыныстарды дайындау барысында өз елінің жағдайлары мен ерекшеліктерін ескеру қажет. Ұлттық бірегейлік мәселесіне тап болған мемлекет үшін оның ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мақсатында қолданатын нақты әдістері, жолдары мен саясаты көбіне сол елдің тарихымен, мәдениетімен, дәстүрімен, ұлтаралық қатынастар және идеологиясымен терең байланысты болады.

Айта кету керек, бұл мәселені отандық ғылымда қарастыруға талпыныстар жасалғанымен, аталмыш тақырып бірінші рет жан-жақты және кешенді түрде қарастырылып отыр, бұл да зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Зерттеу жұмысының нысаны: әлеуметтік-мәдени шындық ретіндегі қытайдың ұлттық бірегейлігі. Зерттеу пәні - жаһандану жағдайындағы «қытайлық ұлттық бірегейліктің» қалыптасу ерекшеліктері, сондай-ақ Қытай ұстанған этносаясат пен әлеуметтік тәжірибе.

Зерттеудің мақсаты – қытайлық ұлттық бірегейліктің қалыптасуына, дамуына және қазіргі жағдайына әсер еткен ұлт туралы негізгі теориялар мен тарихи оқиғаларды жан-жақты зерттеу мен қазіргі қытай қоғамының ұлттық бірегейлігін зерделеу, сонымен қатар «қытай ұлты» және «қытайлық арман» идеологиялық тұжырымдамаларына талдау жасау.

Зерттеу міндеттері:

1. батыс, орыс және қытай ғалымдарының ұлт пен ұлттық бірегейлік туралы теориялары мен тұжырымдамаларын қарастыру;
2. қытайлық бірегейлікті қалыптастыру теориясы мен әдіснамасының тұжырымдамалық негіздеріне сипаттама беру;
3. жаһандану жағдайында қытайлықтардың ұлттық өзіндік сана-сезімін қалыптастыру факторларын зерттеу негізінде қазіргі Қытайдың әлеуметтік дамуындағы дәстүрлі және заманауи тұстарын анықтау;
4. мектеп оқулықтарын реформалау және оның қазіргі қытай жастарының ұлттық болмысына әсері туралы қоғамдық пікірді анықтау;
5. модернизация үдерісі барысындағы қытайлықтардың ұлттық психологиясының, мінезі мен менталитетінің ерекшеліктерін қарастыру;
6. қазіргі Қытайдың мәдени бірегейлігінің негізі ретінде мәдени ұлтшылдық идеологиясының рөліне баға беру;
7. Си Цзиньпиннің «қытайлық арман» мен ұлттық бірегейлік идеясының даму барысын зерттеу;
8. «қытай ұлты» (чжунхуа миңызу) доктринасы шеңберінде Қытайдың этносаясатына талдау жасау;
9. Қытайдағы қазіргі экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени жағдайды бағалау және оның жаһандану жағдайында даму перспективаларын анықтау.

Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы маңыздылығы Зерттеу жұмысының тұжырымдарымен қорытындыларын шығыстану, халықаралық қатынастар, тарих, мәдениет, этнографияға арналған арнайы курстардың оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, курсты оқыту бойынша әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасағанда қолдануға болады. Диссертацияның негізгі қағидалары және қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған 8 мақалада баяндалған, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

4.2 Рүстемова Ақмолжын Молданқызының «Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігі: қазіргі үрдістері мен болашағы» атты диссертациясы ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басы қазақстандық білім беру жүйесіндегі қарқынды реформалар кезеңі болды. Бұл сыртқы факторлардың әсерінен білім сапасына қойылатын талаптардың өзгеруіне, сонымен бірге мемлекеттің дамуы үшін шешімін табуы қажет ететін ішкі қарама-қайшылықтарға байланысты.

Тәуелсіздік алғаннан кейін елімізде экономика, сауда-саттық, энергетика, шикізатты өңдеу, технология және т.б. салалардағы байланыстарды нығайта түсу үшін мамандарды даярлау қажеттілігі туындады. Қазақстанның әр түрлі салалардағы алғашқы байланыстары көрші Ресей Федерациясымен ғана шектелмей, алыс-жақын елдермен де орнатылып, соның арқасында халықаралық білім беру саласындағы серіктестік дами бастады.

Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласындағы алғашқы байланыстары Батыс Еуропа мемлекеттерімен, Ресей және өзге де Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерімен орнатылды. Жоғары білім беру жүйесіндегі бұл бағыт Қазақстан Республикасының жоғары білім беруді дамыту бағдарламаларында сипатталып, Болон үдерісіне қосылу шешімімен айқындалады.

Халық санының аздығына (18 миллионға жуық) қарамастан, Қазақстан академиялық ұтқырлық аясында студенттердің шетелге шығуы бойынша әлемде алғашқы 15 елдің қатарына кіреді. Алайда, қазақстандық студенттердің негізгі легі Ресей, Қытай, Түркия және Еуропа мемлекеттерінде білім алып жатыр. Ал, Жапония сияқты алдыңғы қатарлы мемлекеттерді таңдайтын студенттердің сандық көрсеткіші өте төмен. Бұл еліміздің жоғары білім беру саласында өзге елдермен серіктестікті орнатып, үздіксіз дамыту мәселесінде ерекше көңіл бөлуді қажет ететін мәселе. Зерттеу жұмысының нысаны: әлеуметтік-мәдени шындық ретіндегі қытайдың ұлттық бірегейлігі. Зерттеу пәні - жаһандану жағдайындағы «қытайлық ұлттық бірегейліктің» қалыптасу ерекшеліктері, сондай-ақ Қытай ұстанған этносаясат пен әлеуметтік тәжірибе.

Зерттеудің мақсаты – жоғары білім беру саласындағы тәуелсіз Қазақстанның халықаралық серіктестігін талдап, әсіресе, Жапониямен осы саладағы қарым-қатынасына назар аударып отырып, қазіргі жағдайы мен басты мәселелерін анықтау.

Зерттеу міндеттері:

- Жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісі туралы теорияларды талдап, оның түрлері мен негізгі толқындарын айқындау;
- Шет елдердің жоғары білім беру саласындағы серіктестікті жүзеге асырудағы, жоғары білім беру жүйесін интернационалдаудағы мақсаттарын анықтау. Оның астарындағы әлеуметтік және экономикалық факторларын саралау;
- Тәуелсіз Қазақстанның ЖББ жүйесін интернационалдау саясатын зерделеу, басты ерекшеліктерін/ұстанымдарын анықтау;
- Жапонияның жоғары білім беру жүйесінің интернационалдану үдерісінің сипаты мен ерекшеліктерін анықтап, жүзеге асырған негізгі жобаларына талдау жасау;
- Қазақстан мен Жапонияның жоғары білім беру саласындағы серіктестігінің ерекшеліктерін, даму деңгейі мен проблемаларын талдау;
- Қазақстан мен Жапонияның ЖОО арасындағы студенттердің академиялық ұтқырлығының үрдісі мен басты мәселелерін, себептерін анықтау, даму келешегіне болжам жасау.

Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалы маңыздылығы Зерттеу жұмысының тұжырымдарымен қорытындыларын шығыстану, халықаралық қатынастар, тарих, мәдениет, этнографияға арналған арнайы курстардың оқу бағдарламаларын, оқулықтарын, курсты оқыту бойынша әдістемелік құралдар мен нұсқаулар жасағанда қолдануға болады. Диссертацияның негізгі қағидалары және қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған 9 мақалада баяндалған, диссертациялық кеңестің ғылыми семинарында апробацияланған.

5. Рецензенттердің жұмысын талдау. Барлық рецензенттер БҒСБК талаптарына сәйкес іріктеліп алынды, адал және өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарады. Диссертациялар бойынша сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар. Диссертацияларды сапалы дайындау және жекелеген ескертулерді жою мақсатында төмендегілерді ұсынамыз:

- қорғауға қабылданғанға дейін диссертациялық кеңестер кезінде ғылыми семинардан барлық докторанттарға міндетті түрде оту керек;
- ҚР БҒМ гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобаны іске асыруға докторанттардың қатысуын ескеру.

7. философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор (кесте 1) ғылыми дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер

Кесте 1

	«6D020900 – Шығыстану (тарих ғылымдары)»
қараудан шығарылған диссертациялар	-
оның ішінде диссертациялық кеңес қайтарып жіберген	-
рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар	-
қорғау қорытындысы бойынша оң шешімі бар	2
оның ішінде басқа да оқыту ұйымдарынан	-
қорғау қорытындысы бойынша теріс шешімімен	-
оның ішінде басқа да оқыту ұйымдарынан	-
қорғалған диссертациялардың жалпы саны	2

оның ішінде басқа да оқыту ұйымдарынан -

Диссертациялық кеңес төрайымы

Алдабек Н.Ә.

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы

Жекенов Д.Қ.

